

2013 жылғы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу кезінде ауыл шаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімі туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 6 мамырдағы N 170/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 мамырда N 3541 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 09 қазандағы N 350/9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 09.10.2013 N 350/9 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 9 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" N 221 Қаулысының 10 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыл шаруашылық дақылдарын себудің келесі мерзімдері белгіленсін:

бидай	10	мамыр	-	27	мамыр,
арпа	10	мамыр	-	27	мамыр,
сұлы	15	мамыр	-	27	мамыр,
тары	20	мамыр	-	30	мамыр,
қарақұмық	27	мамыр	-	8	маусым,
күнбағыс	5	мамыр	-	20	мамыр,
нут, бұршақ	10	мамыр	-	20	мамыр,
зығыр	17	мамыр	-	20	мамыр,
біржылдық шөптер	10	мамыр	-	25	мамыр,
сүрлемдік жүгері және күнбағыс	10	мамыр	-	25	мамыр.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Құсайын Тетайұлы Букаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Асқаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК